

САПАЛЫ КАДР ДАЙЫНДАУ — МАҢЫЗДЫ ІС

Қаңтар айының бірінші аптасы қорқынышты түс секілді естен шықпайды. Күні кеше ғана есіктен еніп, төрге озған Барыс жылының алғашқы аптасында орын алған аласапыран алаштың аза бойын қаза қылған ауыр қасіретімен еліміздің тарихында таңбаланып қалары хақ.

Қазақстандағы күрделі ахуалға, қазіргі елдегі болып жатқан хал-жағдайға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тиімді ұсыныстары мен еліміздің өркендеуіне, жаңғыруына негіз болатын салмақты телевизиялық үндеу жариялады. Мәжіліс алдында мәні зор мәселелерге мейлінше назар аударған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда қордаланған басты мәселелерге жеке-жеке тоқталды. Талай жылдан түйіні тарқамаған түйткілдерді шешу үшін, мемлекеттік басқару жүйесін қайта құру қажеттігін қадап айтты. Жаңадан жасақталған Үкімет құрамына нақты міндеттер жүктеді. Ел экономикасына екпін беретін ең маңызды салалар мен отандық өндірістің өрісін кеңейтетін басым бағыттарға барынша қолдау көрсетуді шегелеп тапсырды. Шағын және орта бизнесті жаппай дамыту және өңірлердің өсіп-өркендеуіндегі теңгерімсіздікті жою үшін тиісінше жағдай жасауға пәрмен берді.

Мемлекеттік басқару жүйесімен қатар, тұтас экономика құрылымын, әлеуметтік саланы түбегейлі өзгерту және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту міндетін жүйелі түрде жүргізуді жүктеді. Сондай-ақ егеменді еліміздің саяси жүйесін одан әрі демократияландыру қажеттігін де қаперге салды.

Дамыған мемлекеттердің қоғамдық құрылымының маңызды элементтерінің бірі - білім саласы. Қазіргі әлемдегі қоғамдық-экономикалық және технологиялық өзгерістер күрделі міндеттерді алға тартады, олардың көпшілігі еліміздің ЖОО білім беру қызметіне байланысты. Ұлт-

тық және әлемдік экономикада жүріп жатқан интеграциялық процестер еліміздің бәсекелестікке қарсы тұру қабілеттілігін қамтамасыз етуде білім беру сапасының атқаратын рөлі зор екендігін көрсетеді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, ірі көп бейінді ЖОО болғандықтан, Қазақстан Республикасының Оңтүстік аймағының білім беру, ғылыми, мәдени-гуманитарлық орталығы ретінде қалыптасқан, сонымен қатар ол қазіргі заманның университеті және республиканың қарқынды дамуы үшін ауқымды үлес қосуға қабілетті, біліктілігі жоғары мамандар дайындауда негіз болуды мақсат етуде.

Жоғары мектептегі «Биотехнология» саласы ғылыми-техникалық дамудың алдыңғы қатарлы бағыттарының бірі және көптеген өндірістердің перспективті дамуына байланысты, «жоғарғы технологиялардың» нақты мысалы болып табылады.

Қазіргі уақытта биологиялық технология өте қарқынды дамуда. Әлемнің барлық дамыған елдері биотехнологияны уақыттың қажеттілігіне сәйкес өнеркәсіптерді қайта құрудың негізгі әдістері ретінде, жаһанданған заманғы маңызды салалардың бірі ретінде қарастырады және оның дамуын қалыптастыру үшін шаралар қолдануда. Биотехнологиялық әдістер-микробиологиялық синтез, гендік және жасушалық, ақуызды инженерия, инженерлік энзимология, өсімдіктер мен жануарлардың және бактериялардың жасушаларын культивирлеу және т.б. Сондықтан, биологияны қолдану аймағ жүзінде шексіз.

Университетте сапалы кадрларды дайындауда 6Bo5120-«Биотехнология» Білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр, магистр, доктаранттарды жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнату, білім беру жүйесіндегі жаңашылдық мәселелері ескеріліп, жаңа бағдарламалар әзірленген.

Кафедраның міндеттері - белгілі білім деңгейі, біліктілігі мен компетенттілігіне ғана ие, сонымен қатар, үнемі өздігінен білім алуға дайын және өзгеріп отыратын жағдайларда өз уақытында бейімделу мақсатында үздіксіз білім алуды қажет ететін мамандар дайындауда. Биотехнология - бұл республикамыздың болашағы, биотехнология салаларының дамуы тек қана еліміздің экономикасын дамытуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халқымызды тағы да карантин ережелерін қатаң сақтауға шақырды. «Індетпен күрестің нәтижелі болуы, ең алдымен, барша жұрттың саналы әрекеті мен жауапкершілігіне байланысты», «Бұл - өте қауіпті, батпандап кіріп, мысқалдап шығатын дерт» деп атап көрсетті. Тұтастай алғанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үндеуі қазіргі заманғы қоғамның барлық басым салаларын дамытуды көздеген.

Өз басым, халықтың қабағы мен биліктің қадамын қашанда бақылап жүретін ұлт жанды ұстаз ретінде, еліміз дамудың жаңа кезеңіне аяқ басады деп сенемін. Күні кеше жаңадан жасақталған Үкіметке үлкен үміт арта отырып, жаңа басшылардан жаңашыл қадамдар күтеміз. Әлеуметтің әлеуетін арттырып, қараша халықтың қазанын майлы, тұрмысын жайлы ету биліктің тұғырын ұстаған әрбір тұлғаға артылған аманат. Ал, жаңа Қазақстанды құру - ортақ борышымыз!

**Анар ЕСІМОВА,
М. Әуезов атындағы
ОҚУ «Химиялық
инженерия және
биотехнология»
жоғары мектебінің,
«Биотехнология»
кафедрасының доценті
Х.Ғ.К.**